

ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ



а

алматы

ақшамы

САРЫАРҚАНЫҢ САЛ КҮРЕҢІ!

(Ұстазым Сапабек Әсіпке)

От жанған жанарының

жарқылынан,

Атадан асып туған,

Артық ұлан.

Үнемі жеңін түріп жеңіп

шыққан,

Алса да,

Ажал талай алқымынан.

Аспанды найзағайдай тіліп

өткен,

Қараймын ұстазыма

құрметпен.

Қолында асатаяқ,

Адымдайды –

Бағзының

Батырындай тірі жеткен.

Жазғаны жас күнімнен мәлім

еді,

Әспеттеп келе жатыр әлі мені.

Торғайдың көшесінен ұстап

алып,

Жолына журналшының

салып еді.

Қасарып –

Қайыспаған ештеңеден.

Қайырып –

Қара сөзді дестелеген.

Шыдайды жауынға да,

дауылға да,

«Шөл және шөлейт жерде» –

Өскен Емен.

Рухы өлмес оның өлең өлмей,

Айдыны – Сұлтанмахмұт

телегейдей.

Содан ба,

Еңкеймейді басын иіп,

Тік тұрып –

Сынса сынар

Сол Емендей.

Өмірдің

өтті талай тар кезеңі,

Ұрынып аштыққа да талды
өзегі.

Жиені Жангелдиннің,

Ал, әкесі,

Әуелден –

Амангелдінің сарбазы еді.

Халқына қастерлі де

Һәм киелі.

Атасы –

Сары Қошқар – әулие еді.

Арманы жүзеге аспай

тоқтамайды,

Елім деп,

Еңіреген – жан-жүрегі.

... Торғайдан топты жарып,

озып шыққан,

Жасай бер –

Сарыарқаның сал күреңі!

Серік ТҰРҒЫНБЕКҰЛЫ